

Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Саға елді мекенінің аумағына карантин тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 101 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 желтоқсанда № 6522 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 23 қарашадағы №01-18/530 ұсынысы негізінде, Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Саға елді мекенінің аумағына мүйізді ірі қара малы арасында қарасан ауруының пайда болуына байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 қазандағы №81 "Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Саға елді мекенінің аумағына карантин белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6440 тіркелген, 2020 жылы 29 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ж.М.Тулепов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі

Г. Жумагазиев